

6  
САБАҚ

НЕСИЕ:  
ПРОБЛЕМАЛАРДАН  
ҚАЛАЙ ҚҰТЫЛУҒА  
БОЛАДЫ?

САҚТАНДЫРУ

ЖҰМСАЛМАЙТЫН  
ҚОР

КРЕДИТТІК  
ШАРТТАР

ЖИНАҚ  
АҚША

ТӨЛЕМДЕР  
ЖӘНЕ  
АУДАРЫМДАР

ҚҰҚЫҚТАР  
ЖӘНЕ МІНДЕТТЕР

ЕҢ ЖАҚСЫ  
КРЕДИТ

ЕСЕП

ҮЙ БЮДЖЕТІ

10 сабақтың ішінде берік үй «Тұрғыз»

## ҚЫМБАТТЫ ДОС!

Сіз қолыңызға халықтың қаржылай сауаттылығын арттыру жөніндегі бағдарламаның бірыңғай кітапшасын ұстап отырсыз, оны KMF өзінің барлық филиалдары мен бөлімшелерінде жүзеге асырады. Бұл бағдарламаны KMF-Демеу Қоры америкалық ACDI/VOCA ұйымының қатысуымен жасаған. Сіздерге қандай тақырыптардың қызықты және пайдалы болатынын түсіну үшін, біз клиенттердің арасында оқытуға қажеттілікті бағалау жөніндегі зерттеуді жүргіздік. Зерттеудің нәтижелері бойынша біз негізгі 10 тақырыпты анықтадық. Әр тақырып бойынша Сіздер KMF-тің қызметкерлері жүргізетін сабақтарын өтіп, осы кітапша түріндегі үлестіру материалдарын ала аласыздар. Сабақтарымыздың негізіне біз қазақстандық отбасылардың нақты мысалдарын алдық.

Біз, бағдарлама Сіздерге пайдалы идеяларды, тәсілдер мен құралдарды ұсынып, олар Сіздерге пайдасын тигізіп, отбасыларыңыздың қаржысын неғұрлым табысты басқаруға және оның әл-ауқатын арттыруға көмектеседі деп үміттенеміз.

### СІЗДЕРГЕ KMF-ТІҢ КРЕДИТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН БІРГЕ КЕЛЕСІ САБАҚТАРДАН ӨТУГЕ КЕҢЕС БЕРЕМІЗ:


- |                  |  |
|------------------|--|
| <b>1 САБАҚ:</b>  | Егер мен қаласам, мен бұны істей аламын: үй бюджеті және отбасындағы қаржылық жоспарлау.           |
| <b>2 САБАҚ:</b>  | Отбасымның қаржылық есебі.   |
| <b>3 САБАҚ:</b>  | Өмірде неше түрлі жағдайлар болады. Отбасылық әмианды күтпеген жағдайлардан қалай қорғауға болады. |
| <b>4 САБАҚ:</b>  | Қор жинаудың әр түрлі тәсілдерінің «оңды» және «теріс» жақтары.                                    |
| <b>5 САБАҚ:</b>  | Жақсы несиені қалай таңдауыма болады?  |
| <b>6 САБАҚ:</b>  | Несие: Проблемалардан қалай құтылуға болады?   |
| <b>7 САБАҚ:</b>  | Келісім-шартқа қол қоймастан бұрын нені білу керек?  |
| <b>8 САБАҚ:</b>  | Менің қарыз алушы ретіндегі құқықтарым және міндеттемелерім.                                       |
| <b>9 САБАҚ:</b>  | «Қолма-қол ақшадан» «қолма-қол ақшасыз» есептесуге – төлемдерді жүзеге асырудың нұсқалары.         |
| <b>10 САБАҚ:</b> | Сақтандыру: ол маған керек пе?   |

Сіздерге бақыт және өркендеуді тілейміз!  
Құрметпен, «KMF-Демеу» Қоры.

## НЕСИЕ АЛУДЫҢ ЕРЕЖЕСІ ЖӘНЕ НЕСИЕ ҚАЙТАРУДЫҢ БАРЫСЫНДА ПРОБЛЕМАЛАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУ ҚАУПІН АЗАЙТУ ҮШІН, НЕСИЕНІ ӨТЕУ ҚАБІЛЕТІМІЗДІ ҚАЛАЙ АНЫҚТАЙМЫЗ.

### БІЗ ҚАНДАЙ МАҚСАТТАРҒА НЕСИЕ АЛАМЫЗ?

1. Бизнеске салу үшін – тауарлар мен жабдықты сатып алу, бизнеске арналған жайды сатып алу және оны жөндеу;
2. Үй шаруашылығына арнап – үй мен жиһаз сатып алу, үйді жөндеу, отбасы мүшелерін оқыту;
3. Тұтыну – үйлену тойына, демалуға, киім-кешек сатып алуға және т.б.;
4. Күтпеген жағдайларға – ауру, жазатайым уақиға, ЖКО, жарақат және т.б.



#### ПАЙДАЛЫ НЕСИЕ

Несиелер бизнесті дамыту үшін және үй шаруашылығына пайдалы.

**Бизнесті дамытуға арналған несие** – қосымша табыс алуға мүмкіндік береді.

**Үй шаруашылығына арналған несие** – оның құнын арттырады.

#### ПАЙДАСЫЗ НЕСИЕ

Несиелер тұтынуға және күтпеген жағдайларға пайдалану үшін онша жарамайтын. Неге?

**Тұтыну және күтпеген жағдайлар** – бұл өз қалауымызды қанағаттандырып немесе қиын жағдайдан шығатын сәттер, бірақ бұлар қарызға алған ақшаның есебінен орындалады, оның өз құны бар.

**Бұндай мақсаттар үшін мүмкіндігінше Жинақ Қорды пайдаланғаны дұрыс.**

## ТИІМДІ НЕСИЕ – ТИІМСІЗ НЕСИЕ. НЕСИЕЛЕРДІ АЙЫРЫП ТАНУДЫ ҮЙРЕНЕМІЗ.



Қанат автокөлікті сатып алу үшін 3 жылға несиені алды. Автокөлікті сатып алғаннан кейін отбасы қала сыртына демалысқа жиі шыға бастады. Сонымен бірге, жұмыстан кейін кешке Қанат адамдарды тасып ақша таба бастады.

Сатып алынған автокөлікті пайдаланудың мерзімі – несиенің мерзімінен ұзағырақ. Несиені төлеп, автокөлік Қанаттың қолында қалды, сонымен қатар автокөлік қосымша табыс әкеледі.



Нұрлан бұзауларды сатып алу үшін 9 айлық несиені алды. 6 айда олар өсіп, Нұрлан оларды сатудан ақша тапты.

Несиенің мерзімі бұзауларды сатып өткізудің мерзімінен асып тұр. Нұрлан бұзауларды сатып табыс алды, бірақ әлі де, несиенің бойынша пайыздарды төлеп жатыр.



Тәттімгүл азық-түлік сатады. Отбасының шығындарын алғаннан кейін, оның қолында 150 000 теңге қалады. Ол тауарды сатып алуға несиені алды. Жаңа сауда орындарын ашпады.

Бұндай табыспен Тәттімгүлге несиенің қажеті жоқ. Ол бизнесінің бар табысымен қаржыландыра алатын еді.



Бахтиярдың дүкені тоналды. Ол 45% жылдық пайызға несиені рәсімдеп, 2 айдың ішінде сатудың бұрынғы дәрежесіне қайта жетті.

Несиені күтпеген жағдайларды үлкен мәселе туғызбай және артық шығынсыз шешуге көмектесті.



Айжан ауқымды тауар көлемін сатып алу мақсатымен несиені алды. Несиенің бойынша ол 45% жылдық пайыз төлеп отыр, бірақ көтерме сатып алу 25% жеңілдікке ие болды. Тауарды жекелеп сатуда Айжан 100% үстеме қосады. Сауда көлемі 50%-ға өсті.

Несиені пайдалану нәтижесіндегі табыс, несиені өтеуге кеткен шығындардан жоғары болып отыр.

## «ТИІМДІ ЖӘНЕ ТИІМСІЗ НЕСИЕЛЕРДІҢ БЕЛГІЛЕРІ»

«Тиімді несиені» «Тиімсіз несиеден» қалай айыруға болатынын қарастырайық

 <b>Тиімді несиелер</b>	 <b>Тиімсіз несиелер</b>
<p>Несиенің есебінен алынған активті пайдаланудың мерзімі несиенің мерзімінен асады.</p>	<p>Несие мерзімі аяқталғанша несиенің есебінен алынған активтер ерте өткізілді. Табыс алынды бірақ несиені төлеу жалғасуда.</p>
<p>Несиенің есебінен алынған активтен түскен қосымша табыс несие құнынан жоғары.</p>	<p>Неисені пайдаланудан түскен табысы несие құнынан төмен.</p>
<p>Несие тауарлар немесе құралдар бағасында үнемдеуді және қосымша табысты алуға көмектесті.</p>	<p>Несиені пайдаланудан кейін алынған табысы – несиені өтеуге жеткіліксіз.</p>
<p>Несиенің көмегімен несиені өтеуге және пайда табуға жеткілікті табыс алынды.</p>	<p>Кейбір қажеттіліктерді өтеуге басқа, арзанырақ қаржы көздері бар (жеке жинақ қор, бизнестің жеке қаражаттары).</p>
<p>Күтпеген жағдайларда көмектесетін несие.</p>	<p>Тым кеш, немесе тым ерте яғни мерзімсіз берілетін несие.</p>
	<p>Өте қымбат несие.</p>
	<p>Несиенің шарттары Сіздің бизнесіңіздің қажеттіліктеріне сәйкес келмейді (негізінен – өтеу кестесі).</p>

## ӨЗІҢНІҢ ТӨЛЕМ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНДІ ҚАЛАЙ АНЫҚТАУҒА БОЛАДЫ?

Біз қандай несиенің «тиімді», ал қайсы «тиімсіз» болатынын анықтадық. Бірақ ең жақсы несиенің өзі, егер біз оны өтей алмасақ, проблемаларды туғызуы мүмкін. Өзімізді осыдан қалай қорғаймыз?

Бізге **өзіміздің төлем қабілеттілігімізді бағалау** – яғни қарызды өтей алу қабілетімізді бағалау керек. Бұл үшін отбасымыздың табыстары сомасын айлық төлемнің сомасымен салыстыру, басқа сөзбен айтқанда, біздің несиені өтеуге және ағымдағы шығындарды жабуға жеткілікті қаражатымыз бар екеніне көз жеткізу қажет. Бұл жерде бізге төлем қабілеттілігінің формуласы көмектеседі.

### ТӨЛЕМ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНІҢ ФОРМУЛАСЫ:

Несие бойынша айлық төлемінің сомасы

**< 70%**

Жалпы табыстыр – Жалпы шығындар

Нәтижесі 70%-дан аспауы керек.

Егер отбасының несие бойынша төлейтін сомасы таза табысының 70%-нан аспаса (отбасының жалпы табыстарынан отбасының барлық шығындарын «шегереміз»), отбасы дұрыс өмір сүріп, күтпеген жағдайларды еңсере алады деп саналады. Бізге бұнда несиені өтеу қабілетінің формуласы көмектеседі.

### МЫСАЛ:

Несие бойынша төлемнің сомасы	30 000 теңге
Отбасының жалпы айлық табысы	160 000 теңге
Отбасының жалпы айлық шығындары	120 000 теңге
Платежеспособность	<b>75%</b>



### 75% деген нәтиже нені білдіреді?

Бұл отбасының төлем қабілеттілігі мүмкіндік деңгейіне сәйкес келмейді. Оларға несие бойынша өтеу ретінде, өз табысының тым көп бөлігін төлеуге тура келеді. Олар өз шығындарын қысқартуына және көп нәрсені тұтынудан бас тартуына тура келеді деген сөз, әйтпесе, несиені өтеуде қиындықтар туындауы мүмкін.

**Басқаша айтқанда – отбасы тым көп қарыз алып қойған.**

Несие әртүрлі мақсаттарға жетуге пайдалы болуы мүмкін. Алайда, дәрі-дәрімекті қабылдағандай, несиені шамадан тыс алу да (артық несие алу) өте қауіпті.

Несиені шамадан артық алу – бұл несиелер бойынша қарыздың үлкен мөлшерде пайда болуы ғана емес, сонымен бірге оларды уақытында өтей алмау да.

### ШАМАДАН ТЫС ҚАРЫЗҒА САЛЫНУДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ:

- ◆ Сіздің несие бойынша төлемиңіз таза табыстармен салыстырғанда тым жоғары.
- ◆ Сіз бұрын өз қаражатыңыздан есептесетін заттарды енді несие алып сатып аласыз.
- ◆ Бар несиелеріңізді өтеу мақсатында жаңа несие аласыз.
- ◆ Сізге несиенің мерзімін ұзартуға тура келеді.
- ◆ Сіз жинақ ақшаны несиелер бойынша төлемдерді өтеуге пайдаланасыз.

ҚАУІПТІ  
АЙМАҚ



**Несиені шамадан тыс алу мерзімін кешіктіруге төлемеуге әкелуі мүмкін.**

**Мерзімін кешіктіру** – бұл біздің шартпен көзделген өтеу мерзімін бұзуымыз.

**Төлемеу** – бұл біздің несиені бұдан ары қайтаруға мүмкіндігіміздің болмауы.

Мерзімін кешіктірудің салдары	Төлемеудің салдары
Топтық несиелеу кезінде топта мүшеліктен айырылу мүмкіндігі – топтан шығару.	Кепілдіктен айырылу.
Қосымша шығындар – өсімақы және айыппұлдарды төлеу.	Сот шығындары – әдетте несие берушілер сотқа жүгінеді.
Келесі қарызды алғанда тиімді шарттарға қол жетімсіздігі.	Кез келген банктен кредит алу мүмкіндігінен айырылу – төлемегені туралы ақпарат кредиттік бюроға жіберіледі.
Келесі қарыздардың шарттары ағымдағыдан қатаң болуы мүмкін.	
Өріптестер арасында және қаржы мекемесінің қызметкерлері алдында беделін жоғалту.	







## КМФ – ЖОБА КЕҢЕСШІСІ ТУРАЛЫ

КМФ Орталық Азиядағы, Кавказ, ТМД елдері мен Шығыс Еуропадағы микроқаржыландыру саласының көшбасшыларының бірі болып табылады. Компания өз қызметін 1997 жылдан бастады.

**КМФ-тің негізгі бағыты** – өз клиенттеріне топтық және жеке кредиттерді келесі қызмет түрлері үшін беру: бизнес, сауда, диқаншылық, мал шаруашылығы, өндіріс, қызмет көрсету, сондай-ақ, тұтынушылық кредиттендіру.

Бүгінгі күні «КМФ» МҚҰ 130 000-нан аса клиенттері бар және өзінің қызмет ету тарихында 200 мыңнан астам кредит беріп үлгерген Қазақстандағы ең ірі микроқаржыландыру ұйымы болып табылады (2015 жылғы 1 наурыздағы мәлімет).

Республикамыздың ірі қалалары мен ауылдарында орналасқан КМФ-тің 18 филиалы мен 75-тен астам бөлімшелерден тұратын кең аймақтық желісі бар. Жалпы алғанда, аталмыш бөлімшелер арқылы 3500-ге жуық шалғайдағы елді мекен тұрғындары микроқаржыландыру қызметіне қол жеткізіп отыр.

Компания өз клиенттерімен сенім, сыйластық пен түсіністікке негізделген, ұзақ мерзімді серіктестікке құрылған бағытты ұстанады. КМФ 18 жылғы қаржылық қолдауының арқасында 200 мыңға жуық қазақстандық өз кәсібін ашуға, оны кеңейтуге, тұрмысын жақсартып, балаларына сапалы білім беруге мүмкіндік алды.

КМФ-тің әлеуметтік жауапкершілікке негізделіп құрылғандығы және сол бағытты ұстанатындағы аса маңызды болып табылады. Компания өз тұтынушыларына кредиттендірудің қосымша шарттары мен қызмет көрсету жағдайын жақсарту мақсатында тұрақты түрде жұмыс жүргізеді, оның ішінде қаржылық емес қызметтер де бар. 2013 жылдың желтоқсан айынан бастап, «КМФ-Демеу» корпоративті қорымен бірлескен, халықты Қаржылық сауаттылыққа тегін оқыту – қаржылық емес өнімі іске қосылды. КМФ-тің әлеуметтік міндеті – сапалы қызмет көрсете отырып, тұтынушыға қаржылық сауаттылықтан мейлінше хабардар болуына үйрету.

Сенім білдіргендеріңізге рахмет!




\_\_\_\_\_



\_\_\_\_\_



\_\_\_\_\_



### ЖОБА БАСТАМАШЫСЫ:

«КМФ-Демеу» Корпоративтік қоры,  
8 (727) 250 68 77, 250 68 78, факс: 250 68 76

### Жоба кеңесшілері - «КМФ» МҚҰ құрылымдық бөлімшелері:

#### АҚТӨБЕ

Ағайынды Жұбановтар көш., 285 «Д», 8 (7132) 55 43 42, 55 40 21

#### АЛМАТЫ

Розыбакиев көш., 45 Г, 8 (727) 374 20 53  
Қалдаяқов көш., 30, 8 (727) 266 83 51, 266 83 52

#### АСТАНА

Абай көш., 75, 8 (7172) 55 93 27, 55 93 28, 55 93 29

#### ҚАРАҒАНДЫ

Н. Әбдіров көш., 25, 8 (7212) 42 51 33, 41 27 56

#### ҚОСТАНАЙ

Баймағамбетов көш., 201, 8 (7142) 59 32 47, 59 32 48

#### КӨКШЕТАУ

Әуелбеков көш., 62, 8 (7162) 26 92 82, 26 46 05

#### ҚЫЗЫЛОРДА

Желтоқсан көш., 9 Д, «Ер Ару» т/к, 8 (7242) 26 38 47

#### ПАВЛОДАР

Ак. Бектұров көш., 66, 8 (7182) 59 36 96, 59 36 97

#### ПЕТРОПАВЛ

Букетов көш., 16, 8 (7152) 46 38 45, 46 38 53

#### СЕМЕЙ

Б. Момышұлы көш., 31/33, 8 (7222) 56 11 05

#### ТАЛДЫҚОРҒАН

Абай көш., 245, 8 (7282) 27 03 51, 27 15 47

#### ТАРАЗ

Байзақ батыр көш., 187, 8 (7262) 46 80 71, 46 80 72

#### ТҮРКИСТАН

С. Ерубаяев көш., 249 А, 8 (72533) 4 33 41, 4 33 32

#### ОРАЛ

Сарайшық көш., 89/1, 8 (7112) 26 75 23, 26 75 54

#### ӨСКЕМЕН

30-Гвардиялық дивизия, 24/1, 8 (7232) 61 51 26, 61 51 27

#### ШЫМКЕНТ

Теле би көш., 27 А, 8 (7252) 53 52 99, 53 55 05, 54 51 77  
Ж. Тыныбаев көш., 28 А-Б, 8 (7252) 39 30 71, 39 30 70

Кітапшаның электронды нұсқасын [www.kmf.kz](http://www.kmf.kz) сайттағы  
«Қаржылық сауаттылық» бөлімінен алуға болады.